

# ПРИОЗЕРСКИЙ

№34/522

25 августа 2017 года

газета издается с 26.06.2004 года

## Вестник

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ КҮНІМЕН! С ДНЕМ КОНСТИТУЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН!

#### Құрметті әріптестер, қала тұрғындары және қонақтары!

Сіздерді шын жүректен Конституция күнімен құттықтаймыз! Конституцияға орныққан ережелер мен принциптер Қазақстан мемлекетінің дамуына, әлеуметтің және саясаттың тұрақты нығайтылуының, бірлік пен достықтың, ұлтаралық келісімнің мықты іргетасы. Қазақстан халықаралық қоғамдастықта лайықты орын алып, биік белеске көтерілгені осының айғағы.

Әрбір қазақстандық келешекке керуен тартқан мемлекетіміздің тұрақты дамуының кепілі Конституцияның мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, өзінің жеке басы мен отбасы үшін де маңыздылығын терең сезінеді.

Осы мереке күні Сіздерге және Сіздердің жақындарыңызға зор денсаулық, бақыт, бірлік және ертеңгі күнге сенімділік тілейміз!

*Ізгі тілекпен;*

Қала әкімі  
Мәслихат хатшысы

Қ.Камзин  
Б.Сәрсембеков



#### Уважаемые коллеги, жители и гости города!

Поздравляем Вас с Днем Конституции!

Нормы и принципы, заложенные в Конституции, стали прочным фундаментом для развития Казахской государственности, укрепили социальную и политическую стабильность, мир и дружбу, межнациональное согласие. Казахстан сегодня занимает достойное место в международном сообществе. Каждый гражданин глубоко осознает значимость Конституции не только для государства и общества, но и лично для себя и своей семьи.

В этот праздничный день желаем Вам и Вашим близким крепкого здоровья, счастья, благополучия и уверенности в завтрашнем дне!

*С Уважением;*

Аким города  
Секретарь маслихата

К.Камзин  
Б.Сәрсембеков

## АТАЗАҢ – ЕЛДІҢ ТІРЕГІ

Биыл Атазаңымыздың 22 жылдығы мемлекет пен халық тарапынан айрықша тойланады. Себебі, құқықтық саясатымызда Тәуелсіздігіміз бен Конституциямыз тайға таңба басқандай ажырамас егіз ұғымға айналған. Бірінсіз бірі толыққанды мазмұнға ие бола алмасы анық. Дегенмен, ата-бабаларымыз қолданған дала заңы ежелден-ақ құқықтық саясатымыздың негізі болғанын ұмытпауға тиістіміз. Біздің Атазаңымыз жарқын болашаққа апаратын айқын жолы-мыз, арқа сүйер асқар тауымыз, ардағымыз, айбарымыз һәм тірегіміз. Осы әділ Заң аясында көп ұлтты Қазақстан халқы бір анандан туып, бір ананы емгендей тату-тәтті бақытты өмір сүріп, еліміздің тәуелсіздігін нығайтып, байлығын молайтып, қорғаныс қуатын арттырып келеді. «Қасым салған қасқа жол», «Есім салған ескі жол», Әз-Тәукеңі Жеті Жарғысы сияқты тарихи дала заңынан бастау алған Ата Заңымыз қабылданған 22 жыл ішінде өзінің әділдігін, өміршеңдігін көрсетті.

Конституция дегеніміз – қоғамдық және мемлекеттік құрылыс негіздерін, мемлекеттік органдар жүйесін, олардың түзілу реттілігі мен қызметін, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын мемлекеттік заң. Конституция бүгін мемлекетіміздің мекендейтін халықтардың тыныш әрі бейбіт өмір сүруінің кепілі болып отыр. Атазаң аясында алтын дала – Қазақстан әлем елдері алдында экономикалық реформалар жүргізу мен демократиялық қоғам қалыптастыруда, әр түрлі ұлт өкілдерінің бейбіт өмір сүруі және әлеуметтік мәселе-лердің оң шешім табуы

жөнінен үлгі болып отыр. Қазақстан Республикасының Конституциясы – мемлекетіміздің іргесін нығайтудағы қаршыта қадамдардың қалыптасуы мен жаңа жүйенің орнығуына, саясат сахнасында Қазақстан Республикасының қанат жаюы жолындағы бірден-бір бастаушы заң, серпінді сенім, әділет жолын көрсетер мемлекетіміздің Ата заңы, айшықты құжаты.

Ұлттық болмысымызды бейнелеген заңдық қағидалар мен өркениеттік Заңдық ережелерді жастардың бойларына сіңіру және Атазаңымызды құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу. Ата-бабамыз аңсаған Тәуелсіздікке қол жетіп, Егемендігіміздің еңсесі нығайып, көпұлтты Қазақстанымыз көркейіп, ел экономикасы өсіп-өркендеп, халқымыздың әл-ауқаты артып, дамудың даңғыл жолын таңдадық. Қыруар қайратты, еңселі еңбекті қажет етер күрделі де, қиын өмір өткелдерінен өтіп, алуан асуларды, биік белестерді бағындырдық. Елбасымыздың салихалы саясатының арқасында әлем халқын мойындатқан Егемендігі езіміз, Тәуелсіздігі тұғырлы, саяси тұрақтылығы орныққан көпұлтты мемлекетке айналдық. 1991-жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Заң қабылданды. Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев ұсынып, оны Қазақстан халқы 1995-жылы 30-тамыздағы Республикалық референдумда бір ауыздан мақұлдады. Біздің еліміз Атазаң аясында тарих үшін аз жылдың ішінде әлеуметтік-экономикалық жағынан қарқынды дамып келе жатқан, саяси

#### 30-тамыз – Атазаң күні



тұрақтылық берік қалыптасқан, іргесі мықты, айдынды ірі мемлекет ретінде дүниежүзіне танылды. Мұның бәрі Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті, алысты болжайтын кемеңгер Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың дана басшылығының, салихалы саясаттың, оның басшылығымен бүкіл-халықтың Референдумда қабылданған еліміздің Конституциясының әділдігінің нәтижесі.

Конституция мемлекетіміздің тарихи дамуының негізгі ретінде ғана танылып қоймай, ол барлық заңдардың бастауы болып табылады. Конституцияда адамның жеке бас бостандығы, жеке өміріндегі құндылығы, сондай-ақ билік тармақтарының қоғамдығы рөлі айқын тұжырымдалған. Конституция біздің саяси, мәдени, рухани және экономикалық дамуымыздың құқықтық қайнар көзі ретінде

танылады.

Жаңа қабылданған Қазақстан Республикасының Ата Заңы біздің еліміздің дамуына жол ашып, жаңа тәуелсіз мемлекет буының бекуіне себеп болды. Сан жылдар егемендікке қол жетпей, аңсатып келген азаттық Елбасының салихалы да сарабал саясатының арқасында бізге бұйырып отыр. Сонымен, Қазақстан Республикасының Конституциясы – елдің басты саяси құқықтық құжаты. Заңға бағыну – тәртіп, ал тәртіп бар жерде тәрбие, тиянақтылық сияқты адамға тән қасиеттер бар. Сол қасиеттер қоғам дамуына негіз болады. Өз Отанын танып, сүйіп, оның заңдарына бағынуы – бұл әр адамның азаматтық жауапкершілігін сезінуі, өз елінің алдындағы азаматтық борышын орындауы.

**Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ**

#### 1-қыркүйек – Білім күні

## МЕКТЕПТЕР ЕСІГІ АШЫЛМАҚ

Кеше ғана жадыраған жазды құшақ жая қарсы алып, маз-майрам боған оқушылар бүгінгі таңда мектеп киім үлгілерін таңдап, жаңа оқу жылына қызу дайындық көруде. Зымырап жатқан уақыттың ағымы өз дегенін жасап бақты. Бүгін жаз да қол бұлғап, есіктен қимай-қимай қарап тұр... Күз бір өзі келген жоқ. Білім күнін ерте келді. Білім күні – жас үшін де, кәрі үшін де мерейлі мереке, зор қуаныш. Білім күні – жас жүректің дүрсілі, алғашқы қоңыраудың сыңғыры естілетін болады. Бұл күні біреулер мектеп табалдырығын алғаш рет аттап, мектеп атты әулім

ғимаратқа имене көз тастаса, біреулер арнаулы орта және жоғарғы оқу орындарының қабырғасына балмұздақ болып қонақтап жатыр. Бұл күні балалармен бірге мұғалімдер де, ата-аналар да бір жасап қалады. Әдемі болып киінген халық білім күнінің ажарын ашып, сәнін келтіреді. Мұқағалиша айтсақ, тарыдай болып кіріп, таудай болып шығатын аяулы мектеп қабырғасы алғашқы махаббаттар мен мектеп жылдарының талай қызықтарын өзіне бұғып жатыр. Бұл қабырғадан аңғал бала білімді бозбалаға, кішкентай қыз білікті бойжеткенге айналып шығады. Мек-

теп паргасындағы шимайлар балалық күннің қолтаңбасындай болып мәңгілік естелікке айналмақ. Біздің де балалығымыздан қалған тәтті естеліктер есімізге мектебімізбен бірге оралады. Сондықтанда бәріміз осы күнді асыға күтетініміз анық...

Биылғы оқу жылына қаламыздағы қос мектеп те тастүйін дайындықпен келгенінің куәсі болғанымызды арнайы мақаламызда жазғанбыз. Мектептерді білім беру, оқыту бағдарламаларына біраз өзгерімдер енгізілгенін де білдік. Мұның бәрі болашағымыз болған балалардың сапалы білім, саналы тәрбие алуы үшін мемлекет тарапынан жасалып жатқан қамқорлық деп бағамдауымыз керек. Ендігі мәселе ұстаздардың шәкірттеріне жөнді білім беруінде. Бұл мақсаттан ата-

аналар да тыс қалмауға тиіс. Өйткені баланың жақсы оқуы, дұрыс тәрбие алуы екі жаққа бірдей байланысты. Одан қоғам да сырт қалмағаны жөн. Осы орайда мектептердегі жаңалықтар мен ақпараттардан оқырмандарды хабардар етіп отыратын қалалық «Приозерский вестник» апталық газетінің ұжымы да аталмыш мерекеден тыс қалмай, Білім күні мерекесіне қатысып, репортаж жасайтынын айта кеткіміз келеді және барлық газет оқырмандарын, шәкірттерді, ұстаздар мен ата-аналарды күзбен келген Білім күнімен құттықтайды! Білім нәрі жандарыңызға шуақ құйып, бойларыңызға нұр себелесін!

**Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ**

## ИНТЕРВЬЮ НУРСУЛТАНА НАЗАРБАЕВА АГЕНТСТВУ «ХАБАР»

Глава государства Нурсултан Назарбаев в интервью Агентству «Хабар» ответил на актуальные вопросы, связанные с ходом процесса модернизации общественного сознания, рассказал об ожидаемых результатах конституционной реформы и важности перехода казахского языка на латиницу.

«Переход на латиницу не означает отказ от русского языка, от кириллицы. Латиница будет касаться прежде всего казахского языка. Все издания, издающиеся на русском языке, русскоговорящим гражданам Казахстана кириллица остается» - заявил Глава государства. «Внедрение латиницы будет проходить очень обоснованно, разумно, в тех пределах, которые необходимы» - добавил Президент.

Международная специализированная выставка EXPO 2017 сыграла большую роль в повышении узнаваемости Казахстана в мире. Об этом в интервью Агентству «Хабар» сказал Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев. «Если коснуться того, что «до» было, то мы были неизвестной страной. Мы поставили Казахстан на карту мира. Мы поставили Казахстан среди 193 государств мира, а теперь нужно сказать, что такое Казахстан, где он находится. Благодаря многим мероприятиям, Казахстан становится известным. EXPO 2017 в этом ряду занимает особое место. Завоевать право проведения в Казахстане было совсем непросто. Среди многих государств мы завоевали это право. И настолько неожиданным явилось меропри-



ятием для Казахстана и технологий вообще. И всего за три года мы построили новый гигантский район Астаны. Он уже сейчас становится любимым районом посещения самих астанчан и всех казахстанцев. Мы полагали, что за все три месяца проведения выставки Казахстан посетит около 2 млн человек. Только за два месяца посетило уже 2,5 млн человек. На EXPO 2017 зарегистрировано около 20 млн посетителей» - отметил Глава государства.

Глава государства в интервью затронул вопрос конституционной реформы в Казахстане. «Мы этим актом провели очень

серьезную работу. Это было очень важное мероприятие. Нашей Конституции в этом году исполнится 22 года. Конституция – она как живой организм, в ногу со временем должна обновляться. Мы несколько раз вносили изменения, и все время направление было в сторону демократизации, улучшения, старались двигаться той дорогой, которая идет весь мир. А это было серьезным изменением, которое внесли, чтобы поднять роль Парламента, Правительства и верховенства закона, то есть эти три вещи говорят о более глубокой демократизации нашей страны» - сказал

Нурсултан Назарбаев.

Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев похвалил главу нацкомпании «Астана ЭКСПО-2017» Ахметжана Есимова за сэкономленные средства при строительстве ЭКСПО-городка и подготовке к выставке. «Поначалу планировался расход в объеме 800 миллиардов тенге. В результате принятых мер сокращено наполовину – около 400 миллиардов тенге. И это к чести руководителя, который сейчас занимается ЭКСПО-2017, в лице Ахметжана Есимова. Хорошую работу они провели, - сказал Нурсултан Назарбаев. По его словам, ЭКСПО-2017 дает возможность увидеть последние технологии стран и перенять их. - Всё меняется. Появляются новые технологии. Объем информации ежегодно растет в 2-2,5 раза. Просто угнаться за этим невозможно. Мы смогли собрать самые передовые мысли всех государств в одном месте. Нашим ученым, да и министерствам и ведомствам, есть возможность увидеть, что, где делается в этом плане, чтобы потом перенять и сделать у нас, - отметил Глава государства. Еще один эффект, по словам Нурсултана Назарбаева, - это то, что ЭКСПО-2017 оказало большую помощь столичному бизнесу. - Все наши гости Астаны заполнены. Бизнес сейчас, по-молодежному говоря, «кайфует» от этого, потому что много людей. Масса народу, которая приехала, подняла бизнес, и поступления в бюджет города поднялись в несколько раз» - заключил Глава государства.

Источник: <http://khabar.kz/ru/news/>


## КАЗАХСТАНСКИЙ ПАВИЛЬОН «НҮР ӘЛЕМ» ВСТРЕТИЛ МИЛЛИОННОГО ПОСЕТИТЕЛЯ



В четверг, 24 августа в национальном павильоне Казахстана «Нұр Әлем» зарегистрирован миллионный посетитель.

С момента открытия Выставки по настоящее время, сфера «Нұр Әлем» лидирует в топе посещаемых объектов ЭКСПО-2017. Ежедневно он принимает от 10 до 28 тысяч посетителей. За все время работы Выставки главную достопримечательность ЭКСПО-2017 посетили порядка 50-ти президентов и глав правительств.

Национальный павильон Казахстана, сфера «Нұр Әлем» является архитектурным символом Выставки ЭКСПО-2017. Это самое большое сферическое здание в мире, его диаметр 80 метров, высота 100 метров. Уникальность конструкции заключается в том, что это первое в мире здание в



форме полной сферы. В конструкции фасада предполагается интеграция фотоэлектрических элементов, позволяющих преобразовывать солнечную энергию в электрическую. Также в верхней части сферы предусмотрены 2 ветрогенератора, частично обеспечивающих здание энергией.

Согласно концепции поствыставочного использования, по окончании «Астана ЭКСПО-2017» «Нұр Әлем» станет «Музеем будущего» и продолжит функционировать как туристический объект.

источник: <http://expo2017astana.com>

## СНОВА В АРМИЮ

В августе военнообязанные карагандинцы прошли воинские сборы на базе войсковой части 06798 в Приозерске. Здесь они на протяжении месяца осваивали курсы теоретических и практических занятий по своей воинской специальности и общим военным дисциплинам.

Основными целями воинских сборов являются повышение боевой и мобилизационной готовности воинских частей, содержащихся в мирное время в сокращенной численности, подготовка и накопление запаса военно-обученного ресурса, необходимого для развертывания Вооруженных сил, других войск и воинских формирований Республики Казахстан, - рассказал замести-

тель командира в/ч 06708 по воспитательной и идеологической работе майор Серик Юсупов.

Сборы военнообязанных проходят на постоянной основе, поскольку обучение военнообязанных очень важно для поддержания навыков владения оружием и управления сложной военной техникой. К занятиям привлекаются граждане в возрасте до 40 лет.

Военнообязанные, проходящие сборы, вспоминают, чему научились во время прохождения срочной службы, при этом признаются, что узнали много нового.

источник: <http://inkaraganda.kz>

## ПРИЗНАНИЕ ЛИДЕРСТВА КАЗАХСТАНА В ЕАЭС

Первый заместитель председателя Правительства Российской Федерации Игорь Шувалов признал лидерство Казахстана в создании ЕАЭС. Об этом он сказал на первой сессии форума «Евразийская неделя», проходящего в Астане, сообщает корреспондент Kazpravda.kz.

«Мы признаем, что лидерство в этом проекте за Казахстаном, поскольку Президент Казахстана был основоположником этой идеи. Еще в 90-е годы он начал продвигать замысел евразийского партнерства. Несомненно, мы бы хотели видеть вашу страну в числе лидеров по развитию Евразийского экономического союза, по проблемам ограничений и построению цифровой экономики.

Я надеюсь, что другие партнеры нас поддержат, потому что у Казахстана есть для этого все: понимание и уверенность Прези-



дента. В данном случае мы все смотрим на Нурсултана Абишевича, как на старейшину и лидера ЕАЭС.

Думаю, что инициативы по продвижению вперед будут формироваться именно в Казахстане», - поделился своим мнением Шувалов.

Источник: [kazpravda.kz](http://kazpravda.kz)

## ПРИЁМ СТАРЫХ АВТОМОБИЛЕЙ ВОЗОБНОВИЛИ В КАЗАХСТАНЕ

АСТАНА. КАЗИНФОРМ.

В Казахстане возобновили приём старых автомобилей за денежную компенсацию, передаёт корреспондент МИА «Казинформ» со ссылкой на пресс-службу компании «Оператор РОП».

«Сегодня Министерство энергетики РК согласовало дополнительную квоту Оператору РОП на продолжение программы по выкупу старых автомобилей. До конца 2017 года пункты сбора примут за денежную компенсацию 12 тысяч вышедших из эксплуатации транспортных средств», - говорится в сообщении.

Условия программы остаются прежними: ВЭТС оценивается по двум категориям: за автомобили полной комплектации - 150 тысяч тенге и за ТС неполной комплектации - 48 тысяч тенге. Прием легковых автомобилей начнется с 26 августа 2017 года.

Напомним, с 16 августа 2017 года программа по выкупу старых автомобилей была временно приостановлена ввиду досрочного



освоения выделенной на 2017 год квоты на выкуп старых автомобилей.

По данной программе по состоянию на 15 августа было принято более 27,6 тыс. старых авто, общий размер денежной выплаты, на тот момент, составил более 4,1 млн. тенге. Также в пресс-службе напомнили о том, что продолжается программа утилизации вышедших из эксплуатации транспортных средств (ВЭТС) по скидочным сертификатам для покупки новых транспортных средств.

источник: [kazinform](http://kazinform)



# ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ЖАНУАРЛАР АУРУЛАРЫНЫҢ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ЖАНУАРЛАР МЕН АДАМҒА ОРТАҚ АУРУЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕРІ («ВЕТЕРИНАРИЯ ТУРАЛЫ» ҚРЗ-НЫҢ 25-БАБЫ)

## Жеке және заңды тұлғалар:

1) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңдарымен белгіленген жануарлар ауруларының алдын алуды және орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережелерді сақтай отырып, ветеринариялық және әкімшілік-шаруашылық іс-шараларды жүзеге асыруға;

2) зоопарктердегі, цирктердегі, омартардағы, аквариумдардағы жануарларды қоса алғанда, жануарлардың ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережелер мен ветеринариялық нормативтерге сәйкес ұсталуын, өсірілуін және пайдаланылуын жүзеге асыруға;

3) аумақты, мал шаруашылығы қоржайыларын, сондай-ақ жемшөпті, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты сақтауға және өңдеуге арналған ғимараттарды ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережелер мен ветеринариялық нормативтерге сәйкес ұстауға, қоршаған ортаның ластануына жол бермеуге;

4) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді ұстауға, өсіруге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (союға), сақтауға, өңдеу мен өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін орналастыру, салу, қайта жаңғырту және пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды сақтауға;

5) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз етуге;

6) жергілікті атқарушы органдардың

ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына;

жаңадан сатып алынған жануар (жануарлар), алынған тол, оның (олардың) сойылғаны мен өткізілгені;

жануарлар қырылған, бірнеше жануар бір мезгілде ауырған немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы хабарлауға және ауру деп күдік келтірілген кезде, ветеринария саласындағы мамандар, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар келгенге дейін жануарларды окшаулап ұстау жөнінде шаралар қолдануға;

7) ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өз жануарларына уақтылы вакцина егуге және олардың диагностикасын қамтамасыз етуге;

9) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларға орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді ветеринариялық тексеру үшін кедергісіз беруге;

10) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың актілерін орындауға;

## Қала тұрғындарының назарына

11) союдың алдында ветеринариялық тексеру жүргізбей жануарларды өткізу үшін союға және сойғаннан кейін ұшалары мен мүшелеріне ветеринариялық-санитариялық сараптама жасамай өткізуге жол бермеуге;

11-1) кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын ет өңдейтін кәсіпорындарда, сою пункттерінде немесе сою алаңдарында (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарында) союды жүзеге асыруға;

12) ветеринария саласындағы мамандардың ветеринариялық іс-шаралар өткізу бойынша қызметтік міндеттерін орындауы кезінде оларға жәрдем көрсетуге;

12-1) жануарларды карантиндеуді жүргізуге;

13) жаңа, жетілдірілген ветеринариялық препараттарға, тамақ өнімін, жемшөп, жемшөп қоспаларын өндіруге арналған нормативтік-техникалық құжаттаманы уәкілетті органмен келісуге міндетті.

Ж.Қасымбаева,  
«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» ММ сектор меңгерушісі

## Жұмыссыздарға көмек

# КӘСІБІ БАРДЫҢ НӘСІБІ БАР

Әрі сөзінен қапы жібермейтін қазақ «Кәсібі бардың нәсібі бар» - деген мақалды бекер айтпаған. Қай заманда да мән-мағынасын жоймайтын осынау сөздің астарына үңілер болсақ, бүгінгі заманға дәл келіп тұр емес пе. Егер адамның білімі, мамандығы немесе кәсібі болмаса, қазір де нан тауып жеуің қиын. Бұл мәселені Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев та жиі айтып келеді. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары жабылып қалған немесе жекеге өтіп кеткен кәсіптік-техникалық оқу орындарын қайта ашып, жастарды жұмысшы кәсібіне тарту мақсатында тегін білім беретін кәсіптік оқу орындарын қайта қалыптастыруды құзырлы орындарға қадап тапсырған болатын. Аталмыш өзекті

мәселе еліміздегі жұмыссыздық жағдайын әжептәуір қысқартуға кепіл болары сөзсіз. Бұл мәселеге байланысты еліміз өңірлеріндегі жұмыспен қамту орталықтары да қол қусырып қарап отырмағаны белгілі. Осы жәйттің төңірегінде тереңірек білу мақсатында «Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Дүрия Сүлейменқызы Бижановадан сұрастырған едік. Ол кісі бізге төмендегі ақпаратпен таныстырған болатын. Біз оны газет оқырмандарымыздың назарына ұсынуды жөн санадық.

2016-жылдың 29-желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 919 қаулысымен Нәтижелі жұмыспен қамтуды және

жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021-жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілгені белгілі. «Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» аталған мемлекеттік бағдарламаны тиянақты жүзеге асырып келеді. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021-жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бойынша өмірлік қиын жағдайға тап болған және тұрмысы төмен отбасылардың мүшелері қатарындағы 9-11-сыныптарды бітіруші түлектерді 2 жыл 10 ай мерзімге, оқу орындарына түспеген азаматтардың сұранысына байланысты, ТЖКБ бар кадрлар даярлау аясында 2017-2018-жылғы оқу жылына Балқаш қаласының сервис колледжіне шаштараз мамандығы бойынша 8 азамат және Қарағанды технология және сервис колледжіне тұрмыстық техниканы жөндеу және

қызмет көрсету мамандығы бойынша 7 жұмыссыз азамат қыркүйек айынан бастап жолданатынын білдік.

2017-жылдың есебінен қысқа мерзімді қайта даярлау курсына 60 жұмыссыз азаматтарды қыркүйек айынан бастап 3 ай мерзімге аспазшы, шаштараз, электрик және компьютерлік сауаттылық мамандығына оқытуға жолдау жоспарлануда екен. Аталған кәсіптер бойынша оқытып, білім беретін оқу орталығы «Center of services» ЖШС көрінеді. Осыған қарағанда қаламызда тұратын және жұмыссыз жүрген қаншама азамат өздерінің нәсібін табатын кәсіпті игеріп қайтпақшы. Осының нәтижесінде қаламызда жаңа жұмыс орындары келеді және жұмыссыздар саны біршама азаятын болады.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
газеттің арнаулы тілшісі

## СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

\*\*\*

## ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ

### «Приозерск қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16

Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

### Телефон доверия ГУ «Аппарат Приозерского городского маслихата» 5-49-16

Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных

### «Приозерск қаласы әкім аппараты» ММ сенім телефоны 5-41-53

Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап

### Телефон доверия ГУ «Аппарат Акима города Приозерск» 5-41-53

График приема граждан: Аким города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов Заместитель Акима (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов Заместитель Акима (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов.

### «Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефонының нөмірі: (871039)5-32-45

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - Әр аптаның дүйсенбі-бейсенбісі сағат 16.00 ден бастап 18.00 дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел ветеринарии

### города Приозерск», (871039)5-32-45

График приема граждан руководителем отдела - Еженедельно по понедельникам - четверг с 16.00 до 18.00 часов.

### «Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

### Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела - по вторникам и четвергам с 17.00 до 18.00 часов

### «Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ сенім телефоны 5-28-57

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

### Телефон доверия ГУ «Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск» 5-28-57

График приема граждан руководителем отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов.

### «Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-48

### Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48

### «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-21-08

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: дүйсенбі, сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00-ге дейін.

### Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» 5-21-08.

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела: понедельник, среда, с 17.00 часов до 18.00 часов

### «Приозерск қаласының білім бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-92

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәрсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейін

### Телефон доверия ГУ «Отдел образования города Приозерск» 5-32-92

График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов

### «Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

### Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99

График приема граждан руководителем

отдела - среда с 17.00 до 18.00 часов

### «Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.

Бөлімнің басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - дүйсенбі - жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

### Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 5-32-18.

График приема граждан руководителем отдела - понедельник - пятница с 16.00 до 18.00 часов

### «Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ - нің сенім телефоны 5-29-62.

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәрсенбі күні: 17.00 ден және жұма күні: 18.00 ден бастап

### Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-29-62.

Личный прием граждан руководителем отдела: среда с 17.00, Пятница с 18.00 час.

### «Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» РММ сенім телефоны: 5-32-19, 5-24-87

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

### Телефон доверия ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск» 5-32-19, 5-24-87

График приема граждан руководителем отдела - ежедневно с 17.00 часов.



## ҚҰС БОП ҰШҚАН БЕКЕТ БАБА

Қазақта қасиет дарыған адамдарды «пір» тұту дәстүрі бар. Ол осы күнге дейін жалғасып келеді. Сонау заманнан бері қазақ төрт түлік малдың пірі бар деп, соған сенім артамын жақсы білеміз. Жылқының пірі – Қамбар ата, түйенің пірі – ойсыл қара, сиырдың пірі – Зеңгі баба, қойдың пірі – Шопан ата және ешкінің пірі – Шекшек ата болып танылған. Қазақ тарихында аса қасиетпен ел-жұртқа танылып, әулие, пір санаған жандар онша көп емес. Соның бірі кіші жүз он екі ата байұлының адай руынан шыққан пір Бекет. Пір Бекет дүйім қазаққа ортақ әулие. Бекет баба басына барып тәуетушілер әлі күнге толастаған емес. Ол кісі туралы ел аузында аңыз әңгімелер өте көп. Бекет атаның ерекше қасиеті жайында ұрпаққа ұлағат болсын деген мақсатпен осы мақаламызда айта кетуді жөн санаймыз.

Бір кездері Бекет баба әлім ауылдарының қалың ортасына келіп, бір ел ағасының үйіне ат басын тірепті. Сол үйде біраз ел ағалары жиналып отыр екен. Үстеріне келген жолаушымен амандасып, «Сен кімсің?» деп сұраса Бекет: «Адаймын» депті. Сол жерде жүріс жайы сұралмастан: «Адайлар талай адаммызды өлтіріп, малымызды барымталаған. Әлі күнге дейін құн төлемей, теңдік бермей жүр еді. Сені Құдайдың өзі айдап келген шығар, қазір далаға алып шығып өлтіреміз!» деп бәрі үйден шығады.

Далаға шыққасын Бекет әлгі ел ағасы ақсақалға: «Бәріміз де мұсылман баласымыз ғой. Сендер мені өлтірер болсаңдар, соңғы рәкәт намазымды оқып алуға мұрсат беріңдер, сосын өлтірерсіңдер» деп өтініпті. Кейбір тентектердің даурыққанына қарамай ел ағасы Бекеттің тілегін беріп, «намазына рұқсат» депті. Бекет ауыл алдындағы төбе басына шығып, оңаша тұрып оқығысы келетінін айтыпты. Төбенің етегінде қазықта арқандаулы тұрған атын көрсетіп, «Егер «қашып кетеді» десендер төбені айнала қоршап тұрыңдар. Тек, менің намазымды бұза көрмендер» деп өтініпті. Ел ағасы оның бұл тілегіне қарсылық етпейті. Содан, Бекет төбе басына шығып жайланып намазын оқуға кірісіпті. Ауыл адамдары төбені айнала қоршап алыпты.

Бекет бір рәкәт намазын оқып болып, екіншісіне кіріскен кезде төбені қоршап тұрған адамдардың бастары айналғандай болып, әркім тұрған жерлеріне отыра кетіп, қалғығандай болыпты. Біразырақтан кейін олар естерін жиып, көздерін ашып қараса, төбе басындағы Бекет зым-зия жоқ. Арқандаулы аты сол тұрған жерінде. Көкке ұшты ма, жерге сінді ме, белгісіз... Содан Әлімдер

Бекетке намаз оқуға мұрсат берген кісіні ғайбаттап, боктап, «оның қашып кетуіне сен мүмкіндік бердің. Сол жерде-ақ өлтіріп тастау керек еді» десіпті. Ел ағасы «ағы арқандаулы тұр ғой, жаяу қашып қайда кете қойды дейсің? Одан да жан-жақты қарап тауып алайық!» депті. Содан, жан-жаққа бөлініп, ауыл адамдары Бекетті іздеуге кірісіпті. Бірақ, тау-тасты, сай-саланы, ой-жыраларды түгел сүзіп, тінтіп қарағанмен Бекет табылмапты. Бекетті іздеушілердің бір тобы өрісте мал жайып жүрген қойшыға жолығып сұраса, қойшы «Бейсеубет жүрген аттылы да, жаяу адамды да көргенім жоқ. Сендер «намаз оқыды» деген шамада бір әлемет құйын ауылға қарай бет алды. «Ойпырмай, мына құйын ауылға барып соқса, үйлерді жығып, әбігерге салады-ау» деп қарап тұрдым. Әлгі құйын ауылға жақындай бере өзінен-өзі жоқ болып кетті. Бірақ, жоғарғы жағынан бір үлкен алақанат қу ұшып шығып, тура түстікке қарай бағыттап ұшып кетті. Әлгі қу маған сол құйыннан бөлініп шыққандай болып көрінді» депті. Бекетті сарсылып іздеп таба алмаған адамдар ауылға қайта оралыпты. Күн кешкіріп қалған мезгіл, жаяу адам мұнша ұзап кетуі мүмкін емес. Бұған айран асыр қалып, әңгімелері сан-саққа жүгіріп жатқан адамдарға ел ағасы: «Ана арқандаулы тұрған атына барайық» деп Бекеттің қазықтаулы атына келіпті. Арқан байланған қазықты жерден суырып алса, қазық сом алтыннан соғылған екен. Оның құны қарайған ауылдың барлық малының құнына татырлық. Аттың ерінің басындағы қоржынды ақтарып қараса, ішінен қымбат матадан тігілген бірнеше шапан шығыпты. Сол жерде үлкен бір қария тұрып: «Оу, жамағат, бұл келген тегін адам болмады. «Адаймын» деді ғой, мен білсем, бұл келген Адайдың Бекеті болды. Оның әулиешілігі туралы дақпырт әңгімелерді бәрі де естіп жүрсіңдер. Біз оныңмен әуелде жөн сөйлеспей, бекерге арандаған болдық. Мына алтын қазық, қоржындағы шапандары мен атын арқандаулы күйі тастап кетуі, оның әулиешілігінің кереметін сездіріп тұрғандай емес пе? Ол бізбен бітімге келген болды. Алтын қазық – өлген адамдардың құны, мына ат пен шапандар – ат-шапан айыбы болды. Біз оның жөн сөз айтуына мұрсат бермей, салған жерден «өлтіреміз» деп өрекіптік. Әлгі қойшы айтқан құйын Бекеттің құдіретін көзімізге көрсеткені емес пе? Бәрінің бастары айналып, естерінен танып жатқанда ол атына мініп кетуге толық мүмкіндігі болды, бірақ олай еткен жоқ қой. Бұл оның ақ ниетпен келгенінің, сол ақ ниетпен кеткенінің белгісі емес пе? Құйын болып ауылға соғып



әуреге салса, қайсымыз не істей алар едік? Ар жағымыз бір туған, ағайынбыз. Адайлармен арадағы жанжал бұдан былай тоқтатылып, қайтадан туысқандық қатынас жалғасын тапса, дұрыс болар еді. Бекет те соны тілеп келгенін көрсетіп отыр деп білемін. Аруаққа шет болмаңдар, ақымақтың ісін істемендер, тоқталыңдар. Мен сендерден соны тілеймін» депті. Бұл сөзге қарсы дау айтушылар табылмапты. Бекеттің кереметтілігі туралы әңгіме Әлім ауылдарына тез тарап, ағайын арасындағы қырғи қабақтық осыдан кейін сап басылыпты» дейді үлкендер.

«Бекет ата үш рет ұшыпты» деп әңгімелейді екен Сарыбек әулие. Бекет атаның ұстазы, әрі пірі Бақырғани дүниеден өтер алдында өз жолын тұттыңан шәкірттеріне: «Менің жанама Маңғыстаудағы жақсы көретін шәкіртім Бекет жетіскенше кідіріп күтіндір! Ол жанама намазыма жетіседі» деп өсиеттеп тапсырған екен. Оның жаназасы қайда, қашан болатыны жөнінде Бекетке аян арқылы беріліпті. Содан бірдің жанама намазына жиналғандар Бекетті күтеді. Адамдар арасында «Маңғыстаудан Бекет келгенше күте береміз бе? Мүмкін, ол келмес. Қарайған жерден жаяулап-жалпылап, қашан келетіні белгісіз ғой» десіп, күткісі келмеген күңкіл сөздер көбейе түсіпті. Бірақ, бірдің аманатын орындаушылар оларды сабырға шақырыпты. Бір кезде даладан бір жігіт үйге кіріп келіп: «Батыс жақтан бір алып қарақұс ұшып келе жатыр» деп хабар беріпті. Адамдар дүркірей далаға шықса, анадай жерде жаяулап Бекет келе жатыр екен. «Бекет жетіскенше бірдің намазы оқылып жерленіпті» дейді. Бұл – Бекет атаның ел есіне

сакталып қалған ең алғашқы ұшуы екен. Екінші ретте оның Әлімдер «Өлтіреміз» дегендегі ұшқанын айттық. Бекеттің үшінші рет ел көзінше ұшуы Адайлар мен Табындар арасындағы бір бәсекеге байланысты айтылады. Табын Барақ батырдың баласы Асау да ұшатын қасиетке ие адам болыпты. Бір үлкен жиында Табындар Адайлармен бәсеке таластырыпты. Табындар жағынан беделді біреу тұрып: «Әй, Адайлар, біздің Асаумен бәстесіп ұшатын адам бар ма?» – депті. Сол жиынға Адайлар арасында Бекет те барған екен. Ол елінің намысы үшін ұшуға келісімін беріпті. «Аға баласы» деп жол Асауға беріліпті. Ол жерді теуіп болыпты, қарақұс болып көкке көтеріліп, ауыл төңірегін бір айналып келіп жерге түсіпті. Кезек Бекетке келіпті. Ол жиылған адамдардан оқшауырақ шығып барып жеті қадам жасап, көкке алақанат қу болып көтеріліп, алдында Асау оралып қайтқан маңнан да кеңірек асыңқырап барып кері оралғанда, жиынға қатысқан халық оның соңында ере ұшып келе жатқан 7 аққудың балапанын көріп, таңданыпты. Содан «Бекеттің қасиеті 7 ұрпағына жетеді екен» деген аңыз тарапты ел ішінде.

Ескерту:

Өзбекстанға қарасты Кенімық өңіріндегі Құлақан әулие бабаның да Меккеге ұшып барғаны туралы аңыз жайында газеттің алдағы сандарының бірінде жариялайтын боламыз.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

### ХАБАРЛАНДЫРУ \*\*\* ОБЪЯВЛЕНИЯ \*\*\* ХАБАРЛАНДЫРУ

#### НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

Открыто после смерти Куртова Александра Ивановича, умершего 17 июня 2017 года. Именуемому наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б. по адресу: г.Приозерск, ул. Кисунько, д. 1-Б, телефон 8-775-1627005 \*\*\*

Открыто после смерти Ровдо Антонины Егоровны, умершей 10 марта 2017 года. Именуемому наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б. по адресу: г.Приозерск, ул. Кисунько, д. 1-Б, телефон 8-775-1627005.

#### О ПРЕКРАЩЕНИИ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Уведомляет ТОО «Строй сервис плюс 2005», зарегистрированное в г.Приозерск по ул. Транспортная, гост. «Астра»,

на имя Семикина Игоря Николаевича, рег.№ 392 1930-25. Претензии принимаются в течение месяца по телефону +7-777-892-25-55

#### ПРОДАМ Разное

Земельный участок в частной собственности, площадь 10 га., в р-не «Тюльпана». Обращаться по телефону: +7 707-444-75-46 \*\*\*

Кирпич б/у, недорого. Обращаться по телефону +7-777-892-25-55

#### УСЛУГИ

Натяжные потолки, быстро и качественно. Обращаться по тел. 8702-698-86-13 (Мад)

#### АВТОЗАПЧАСТИ

Продам Блок-фара на МАЗДА-626, левая, б/у, Обращаться по телефону: +7705-466-60-63

#### ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.

Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107, телефон: 5-50-81  
Время работы: с 10.00 час. до 19.00 час.  
Мы работаем без выходных!  
На маникюр и педикюр запись по телефону: 8-771-699-32-89

Парикмахерская Милолика

Ваша красота - Наша работа!

СТРИЖКИ - УКЛАДКИ  
МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ)  
ПЕДИКЮР

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.  
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан  
Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г.  
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107.  
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)  
E-mail: prz\_westnik@mail.ru Вэб-сайт: www.prio-vestnik.kz  
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 34/522. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.  
Технический редактор: Струментов А.В.  
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63  
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz\_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.  
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.